

## ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.*

1. Қоғамдық қатынастарды реттейтін, мемлекет кепілдік беріп, бекіткен жалпыға міндетті нормаларының жиынтығы  
А) ғұрып  
В) тәртіп  
С) әділдік  
D) құқық
2. Заңдарға, адамгершілік нормаларына және ізгілікке негізделген мемлекет  
А) Диктаторлық мемлекет  
В) Құқықтық мемлекет  
С) Авторитарлық мемлекет  
D) Тотаритарлық мемлекет
3. Адамға туғаннан берілетін табиғи және өзгермейтін құқықтары мен бостандықтары  
А) Саяси  
В) Әлеуметтік  
С) Мәдени  
D) Жеке (азаматтық)
4. Судьяның міндеттерінің ішінен артығын анықтаңыз  
А) Судьяның антына адал болу  
В) ҚР Конституциясын және заңдарын қатаң сақтау  
С) Коммерциялық ұйымның байқаушы кеңесінің құрамына кіру  
D) Судьялар кеңесінің құпиясын сақтау
5. Қазақстан Республикасы Конституциясы бойынша саяси қағидатқа жатады  
А) тұлғаның нақты жан-жақты дамуы  
В) саяси плюрализм мен айшықтық  
С) шығармашылықты дамыту  
D) меншікке қолсұғылмаушылық
6. Қоғамдық көлікте билетсіз жол жүрумен байланысты құқықбұзушылықты анықтаңыз  
А) Азаматтық  
В) Қылмыстық  
С) Әкімшілік  
D) Экологиялық
7. Жер қатынастарын реттейтін негізгі құқықтық нормалар жиынтығы  
А) Азаматтық құқық  
В) Меншік құқығы  
С) Әкімшілік құқық  
D) Жер құқығы

8. Қылмыстық құқықбұзушылық жасалған кездегі қоғамдық қатынастарды реттеумен байланысты қылмыстық құқықтың міндеті
  - A) Кінәлілік
  - B) Айыптаушылық
  - C) Реттеушілік
  - D) Жазалаушылық
9. Артылған сенімді асыра пайдалану арқылы бөтеннің мүлкін заңсыз иелену
  - A) тонау
  - B) қарақшылық
  - C) алаяқтық
  - D) қорлау
10. Нормалар дегеніміз:
  - A) Билікті шектен тыс пайдалануға жол бермейтін ұстаным
  - B) Құқықтың негізгі қайнар көзі
  - C) Жалпыға міндетті мінез-құлық ережесі
  - D) Заңмен бекітілетін тәртіп ережелері
11. Авторлық құқық объектілерінің ішінен артығын анықтаңыз
  - A) Мемлекеттік рәміз
  - B) Музыкалық туынды
  - C) Энциклопедия
  - D) Фотосурет
12. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы шарт бойынша басқа азаматтардың отбасына тәрбиелеуге беру
  - A) Филиация
  - B) Презумпция
  - C) Патронат
  - D) Алимент
13. Қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтіретін іс-әрекет
  - A) құқықбұзушыны түзету
  - B) қылмыс
  - C) қылмыстық теріс қылық
  - D) қарсы жаза қолдану
14. Қылмыстық құқықбұзушылықты жасаған адамды табу жүктеледі
  - A) Алқабилер сотына
  - B) Анықтау органдарына
  - C) Жоғарғы сот органдарына
  - D) Жергілікті судьяларға
15. Мемлекеттік қызметте тұрған, соттың және басқа органдардың актілерін орындау міндеті заңмен жүктелген лауазымды тұлға
  - A) Сот приставы
  - B) Прокурор
  - C) Адвокат
  - D) Сот орындаушысы

16. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі қарау барысында ешбір азаматқа артықшылық берілмейтін қағидат
- A) теңдік
  - B) жариялылық
  - C) кінәсіздік
  - D) заңдылық
17. Лауазымды тұлғалар мен атқарушы билік органдарының қызметінде адалдықтың сақталуын бақылайтын лауазымды тұлға
- A) Сарапшы
  - B) Омбудсмен
  - C) Тергеуші
  - D) Анықтаушы
18. 1946 жылы Адам құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында құрылды
- A) Білім және ғылым Кеңесі
  - B) Еңбек және шаруашылық Кеңесі
  - C) Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес
  - D) Қаржы және салық Кеңесі
19. Құқықтық қатынастар құрылымының объектісі
- A) жеке тұлғалар
  - B) азаматтығы жоқ тұлғалар
  - C) мемлекеттік органдар
  - D) рухани игіліктер
20. Жоғары заңдық күші бар ресми актілермен байланысты құқықтық мемлекет қағидаты
- A) соттардың тәуелсіздігі
  - B) заңның үстемдігі
  - C) билікті бөлу
  - D) жеке тұлғаның жауапкершілігі

**Нұсқау:** Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контексті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.



«Дамыған мемлекеттің негізгі ерекшеліктерінің бірі оның халықаралық құқықтың толыққанды субъектісі ретінде танылуы болып табылады. Біз Қазақстанды халықаралық қатынастарда және халықаралық құқықтың толық субъектісінде «беделі дамыған мемлекет» деп сеніммен айта аламыз. Қазақстан әлемнің 139 мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты, бұл ретте 70-тен астам шетелдік өкілдіктерін (елшіліктерін) ашты».

21. Мәнмәтін бойынша Қазақстан Республикасы ең алғаш мүше болып қабылданған халықаралық ұйымды анықтаңыз
- A) Біріккен Ұлттар Ұйымы
  - B) Халықаралық еңбек ұйымы
  - C) Шанхай ынтымақтастық ұйымы
  - D) Варшава шарты ұйымы
22. Қазақстан Республикасының негізгі халықаралық бастамаларының бірін анықтаңыз
- A) Еуропада қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымын құру
  - B) 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық күн ретінде жариялау
  - C) Әлемдік экономикалық дағдарыстың стратегиясын дайындау
  - D) Дамыған елдер табысының 1 пайызын озон қабатын қалпына келтіруге жұмсау

23. Мәнмәтін бойынша дамыған мемлекеттің негізгі ерекшеліктерінің бірін анықтаңыз
- A) Жан басына шаққанда ЖІӨ-нің жүз доллардан асуы
  - B) БҰҰ-ның мүшелігіне алғашқылардың бірі болып қосылуы
  - C) Жер көлемі бойынша алғашқы он мемлекеттің қатарына кіруі
  - D) Халықаралық құқықтың толыққанды субъектісі ретінде танылуы
24. Мәнмәтін бойынша 1993 жылы Қазақстан Республикасы мүшесі болып қабылданған халықаралық ұйымды анықтаңыз
- A) Біріккен Ұлттар Ұйымы
  - B) ЮНЕСКО
  - C) Халықаралық еңбек ұйымы
  - D) Шанхай ынтымақтастық ұйымы
25. Мәнмәтін бойынша Қазақстан халықаралық қатынастарда және халықаралық құқықтың толық субъектісінде «беделі дамыған мемлекет» деп сеніммен айтуымыздың себебін анықтаңыз
- A) ЕҚЫҰ-ға 2011 жылы төрағалық етуі
  - B) Жер көлемі жағынан әлемде 9-шы орын алуы
  - C) Әлемнің 139 мемлекетімен дипломатиялық қатынас орнату
  - D) 2020 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі

*Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.*

26. Сатушының міндеті (-тері)
- A) тауар туралы ақпарат беруге
  - B) тауардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
  - C) моральдық шығынды өтеуден бас тартуға
  - D) тауарды еркін таңдауды қамтамасыз ету
  - E) тұтынушы құқығын қорғаудан жалтару
  - F) сатып алушы туралы толық ақпарат алу
27. Еңбек шартының басқа шарттардан айырмашылығы (-тары)
- A) Шарттың негізгі талаптары Азаматтық Кодексте қамтылған
  - B) Бір жақты шарт болып табылады
  - C) Еңбегі үшін жұмыскер жалақы алады
  - D) Жұмыскер өз міндетін жеке дара орындайды
  - E) Несие беруші мен борышкер арасында жасалады
  - F) Әрекетке қабілетсіз тұлғалардың қызметін реттейді
28. Қылмыстық саладағы анықтау органы (-дары):
- A) Жергілікті атқарушы органдар
  - B) Жемқорлыққа қарсы қызмет
  - C) Алқа билер
  - D) Ішкі істер органдары
  - E) Экономикалық тексерулер қызметі
  - F) Медиатор
29. Кәмелетке толмағандардың және әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын тұлға (-лар)
- A) қорғаншылар
  - B) тәрбиешілер
  - C) ата-аналар
  - D) мұғалімдер
  - E) мектеп директоры
  - F) асырап алушылар
30. 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен мемлекет (-тер):
- A) Австрия
  - B) Қазақстан
  - C) Ресей
  - D) Тәжікстан
  - E) Норвегия
  - F) Өзбекстан

31. Жеке тұлғаның әрекет ету саласы бойынша кепілдік (-тері)
- A) Заңнамалық
  - B) Материалдық
  - C) Саяси
  - D) Мемлекеттік
  - E) Аймақтық
  - F) Халықаралық
32. Қылмыстық құқық міндеті (-тері)
- A) Қылмыстық құқықбұзушылықты жасыру
  - B) Әкімшілік жауапкершілік тағайындау
  - C) Мемлекеттің мүддесін қылмыстық қолсұғушылықтан қорғау
  - D) Қылмыс пен жаза туралы ақпарат бере отырып, қоғам мүшелерін тәрбиелеу
  - E) Қылмыс жасаудың белсенді түрін қолдау
  - F) Қылмыстың алдын алу
33. Сатып алушының талап ету құқығы (-тары)
- A) Тауарға тегін қол жеткізу
  - B) Тауардың бағасын өздігінен бекіту
  - C) Алған несиесін төлеуден бас тарту
  - D) Тауардың кемшіліктерін жоюды талап ету
  - E) Тауар туралы үш тілде ақпарат алу
  - F) Тәртіптік жаза қолдану
34. Қылмыстық процесте моральдық шығын, физикалық немесе мүліктік зиян шегетін тұлға (-лар):
- A) айыпталушы
  - B) жәбірленуші
  - C) куәгер
  - D) анықтаушы
  - E) тергеуші
  - F) қорғаушы
35. Әкімшілік құқықбұзушылықтың түрі (-лері):
- A) Тиісті емес жерден жолдан өту
  - B) Лауазымды адамның өкілеттіліктерін иемдену
  - C) Қоғамдық көлікте билетсіз жол жүру
  - D) Парақорлыққа делдал болу
  - E) Лаңкестік актісі туралы жалған хабарлама
  - F) Қоғамдық орындарда демалыс орындығын бүлдіру